

**Модернистік
дәуір өнерінің
стильдері.**

- Модернизм (итал. *modernismo*, лат. *modernus* – жаңа, қазіргі) – ХХ ғасыр басында рухани сана дағдарысы кезінде пайда болған философиялық-эстетикалық ағымдардың жиынтық атауы.
- Модернизм қаламгерлердің әлемдік соғысқа, адамзат дамуындағы дағдарыстарға көзқарасын білдірді. Модернизм авангардтық және декаденттік сатылардан өткенімен, олардан айырмашылығы болды.

Модернизм

- Модернизм жеке тұлға санасын рухани ауытқулармен байланыста қарады. Модернистер әлемдік деңгейдегі қоғамдық қайшылықтар, санадағы қақтығыстар кезінде адам дүниенің мағынасыз екенін, өзінің фәнидегі жалғыздығын түсінеді деген пікірлерді алға тартты. Мысалы, Г.Марсель мен Ж.П.Сартрдың қоршаған әлемді қатыгез, қарама-қайшылыққа толы дейтін пікірлері. Э.Хемингуэй, У.Фолкнер, Г.Грин, Ф.Мориак, А. Миллерге модернизм әсер етсе, М.Пруст, Д.Джойс, Ф.Кафка, Р. Музиль, А.Белый, П.Валери, Ж.Жироду, Ж.Кокто, Ж.Ануй секілді суреткерлер осы ағымдарды ұстанды. Жалғыздық қасіреті, қоршаған ортаны адамның жатсынуы модернизм өкілдерінің Модернизм шығармаларында айрықша көрініс тапты. Алайда модернистік шығармаларда дағдарыс себептері айқындалмады.

Модернизм

- Модернизм өнердегі мифологиялық тәсілді жандандыруды көздеді. Мифтік ойлау арқылы қоршаған орта болмысын тану П.Валери, Т.С.Элиот, В.Иванов, В.Хлебников, У.Б.Йитс, А.Белый, т.б. шығармаларынан байқалды. Олардың туындыларында мистикалық жүйе қалыптасып, кейіпкерлері нақты тарихи уақытта емес, өткен, келер шақтар түйісіп жататын мифологиялық уақытта өмір сүрді. Оқиға шартты түрде бірнеше сағаттарда немесе бір күнде өтті.

Модернизм

- Импрессионизм (фр. impressionnisme, impression – әсер) – алғаш рет Францияда 19 ғасырдың 2-жартысы мен 20 ғасырдың басында өнерде қалыптасқан ағым. Импрессионизм өкілдері өмірді шынайы, айқын, боямасыз бейнелеуге ұмтылды. Бейнелеу өнерінде импрессионизмның алғашқы белгілері 19 ғасырдың 60-жылдары суретшілер Делакруа, Констебл, Тернер шығармаларында көрініс тапты. Импрессионизмнің негізін француз суретшілері (К.Моне, О.Ренуар, Э.Дега) қалады. Олардың шығармаларынан өмірдің немесе табиғаттың бір сәттілік бейнесі әсерлі де көркем берілді. Табиғаттың құбылмалы шақтарын, заттардың түсін, жарық пен сәуленің дәл де нәзік өзгеретінін көрсете білді. Импрессионизм өкілдері табиғаттағы құлпырған бай бояу әлемін жіті байқап, анық жеткізуге тырысты. Түстердің түрленуін алғаш көрсеткен де импрессионизм ағымы болды.

Модернистік дәуірдің негізгі стильдері



«Жұлдызды түн» (нидерд. De sterrennacht) – голланд суретшісі Винсент Ван Гогтың суреті. 1889 жылдың маусымында салынған. Суретте таң атар алдындағы мезгілдегі қала көрінісі бейнеленген. Суретші бейнелеуде өзінің Сен-Реми-де-Прованс қаласындағы үйінің шығыс әйнегінен қала көрінісін қолданған. Сурет 1941 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Нью-Йорк қаласында Заманауи өнер мұражайында сақталады.

- Символизм (Symbolism) — XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы аралығында Еуропада әдебиет пен өнерде өріс алған өте ықпалды шығармашылық ағымы. Символизм объективтілікті тастап, субъективтілікке талпынады, нақты шындықты тіке бейнелегенге қарағанда оны ұқсамаған тұрғыдан тоғыспалы бейнелеуге тырысады, көп мағыналылыққа мән береді, күрделі де терең символдар арқылы түрлі идеялар мен ұстанымдарды аңғартуға тырысады.

СИМВОЛИЗМ



СИМВОЛИЗМ

- Экспрессионизм (фр. expressio — бейнелеу) — еуропа өнері мен әдебиетіндегі бағыт. Еуропадағы 20 ғасырдың 1-ширегінде болған әлеуметтік дағдарысқа (1-дүниежүзілік соғыс пен оған ұласқан төңкерістік дүмпуді қамтиды, шамамен 1905 – 20 жылға дейін) жауап ретінде көрініс тапты. Экспрессионизм сол кезеңде өз заманындағы өркениет жұтаңдығына қарсылық көрсету ретінде пайда болды. Өнерде экспрессионизм принциптері 20 ғасырдағы кескіндемешілер П.Гоген (Франция), В.Ван-Гог (Голландия), Эдвард Мунк (Норвегия), Дж. Энсор (Бельгия) шығарм-нан көрініс тапты. Германияда экспрессионистік бірлестіктер “Көпір” (1905, мүшелері Э.Л. Кирхнер, М.Пехштейн, Э.Хеккель, т.б.), “Көк салт атты” (1911 – 12, өкілдері В.В. Кандинский, Ф.Марк, т.б.) пайда болды. Бұл ағым 1-дүниежүзілік соғыстан кейін Германия (кескіндемеші К.Шмидт-Ротлуф, мүсінші В. Лембрук, археологиялар Р.Штейнер, Э.Мендельзон, Х.Пельциг) мен Австрияда (кескіндемеші О.Кокошка) кең өріс алды. Экспрессионизм ағымынан түрлі бағыттар бой көрсетті:

Экспрессионизм

- Конструктивизм (лат. constructio - құру) - адамды қоршаған материалдық ортаны жобалаудың жаңа әлеуметтік-функционалдық міндеттерін айқындайтын кеңес өнерінің 1920 - 30 жылдарындағы бағыт. Конструктивизмнің басты принциптері: жоспарланған шешімдері мен конструкциялардың көзделген мақсатқа барынша сәйкестігі, салынатын құрылыстың тиімділігі, жаңа әлеум. тұрмысқа үйлесетін, әрі жергілікті жағдайлар мен ұлттық дәстүрлерді жете бағаламайтын тұрпайы формаларды асыра әдемілеу. Конструктивизм ерекшелігі құрылыстардың стилистик. ішкі және сыртқы кескіш қарапайым, біркелкі болды. Архитекторлар қабырға мен терезе ойықтарының көптеген қажетсіз элементтерін алып тастады. Конструктивизм архит. ғимараттарының композициялық құрылысы асимметриялы, көлденең бағытталған, терезелері тұтас 1-қабаты ішіне қарай шегініңкі немесе тіреу-бағаналары жүйелі болып келеді. Қазақстанда конструктивизм үлгісі 1926 жылдан бастап орнықты. Алматы қалысының қоғамдық орт. бөлігіндегі: Үкімет үйі (қазіргі Қазақ Ұлттық өнер академиясы, 1928 - 31, арх. М.Я. Гинзбург), байланыс үйі 1939, (арх. Г.Г. Гераспмов), т.б. конструктивизм әдісімен салынған.

КОНСТРУКТИВИЗМ
